

"Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 маусым N 743

Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы құрылымды оңтайландыру және қызметті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қосымшаға сәйкес біріктіру жолымен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі қызмет аясы мыналар деп белгіленсін:

1) стандарттаудың, метрология және сертификаттаудың аймақтық жүйелерін әзірлеуге қатысу;

2) техникалық жағдайларды сараптау;

3) өлшеу құралдарын тексеру, метрологиялық аттестациялау және сұрыптау;

4) сынақтар өткізу;

5) өнімді, қызмет көрсетулерді, өндірістерді және сапа жүйелерін сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

6) тауарлардың қайдан шыққанын сараптау және куәландыру;

7) сәйкестік және сапа сертификаттарын беру.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын әзірлесін және бекітсін, Кәсіпорынның тұратын жері Астана қаласы деп белгілеп, оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Кәсіпорынның республика бойынша өз филиалдарының оңтайлы желісін құруын қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 14 маусымдағы N 743

қаулысына қосымша

Қайта ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік
кәсіпорындардың тізбесі

1. "Ақмола стандарттау, метрология және Астана қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
2. "Алматы стандарттау, метрология және Алматы қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
3. "Арқалық стандарттау, метрология және Арқалық қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
4. "Ақтөбе стандарттау, метрология және Ақтөбе қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
5. "Атырау стандарттау, метрология және Атырау қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
6. "Шығыс Қазақстан стандарттау, метрология Өскемен қаласы
және сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
7. "Жамбыл стандарттау, метрология және Тараз қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
8. "Жезқазған стандарттау, метрология және Жезқазған қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
9. "Батыс Қазақстан стандарттау, метрология Орал қаласы
және сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны
10. "Қарағанды стандарттау, метрология және Қарағанды қаласы
сертификаттау орталығы" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

11. "Көкшетау стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Көкшетау қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
12. "Қызылорда стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Қызылорда қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
13. "Қостанай стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Қостанай қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
14. "Маңғыстау стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Ақтау қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
15. "Павлодар стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Павлодар қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
16. "Солтүстік Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Петропавл қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
17. "Семей стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Семей қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
18. "Талдықорған стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Талдықорған қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
19. "Оңтүстік Қазақстан стандарттау, метрология және сертификаттау орталығы" Шымкент қаласы республикалық мемлекеттік кәсіпорны